

"Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 6 наурыздағы № 86 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 наурызда № 16599 болып тіркелді.

"Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығымен (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 2000 ж., № 43, 503-құжат) бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ереженің 10-тармағының 3) және 5) тармақшаларына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясына құжаттар қабылдаудың және конкурс өткізудің келесі мерзімдері бекітілсін:

- 1) құжаттарды қабылдау – 2018 жылғы 19 наурыз мен 31 тамыз аралығы;
- 2) конкурсты өткізу – 2018 жылғы 26 наурыз мен 30 қараша аралығы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 565 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. 2018 жылға арналған "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелде оқу үшін мәндес мамандықтар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Н.А. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 6 наурыздағы
№ 86 бұйрығына
қосымша

2018 жылға арналған "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберінде шетде оқуға арналған мәндес мамандықтар тізбесі

№ р/ с	Мамандық	Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуішіне сәйкес мәндес мамандықтар
Техникалық ғылымдар және технологиялар		
1.	Авиациялық техника және технологиялар	Жаратылыстану ғылымдары: Механика, Физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Авиациялық техника және технологиялар, Автоматтандыру және басқару, Ғарыш техникасы және технологиялары, Ұшу аппараттары мен қозғалтқыштарын ұшырып пайдалану, Машина жасау, Аспап жасау, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Жылу энергетикасы, Техникалық физика, Ұшу аппараттары мен қозғалтқыштарын техникалық пайдалану, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша), Көлік, көліктік техника және технология, Көлік құрылысы, Электр энергетикасы.
2.	Сәулет. Құрылыс	Өнер: Архитектура, Дизайн. Техника ғылымдары және технологиялар: Құрылыс, Құрылыс материалдарын, бұйымдары және конструкциялары өндірісі, Көлік құрылысы, Гидротехникалық құрылыс және ғимарат, Сумен жабдықтау, су тарту және су қорын қорғау.
3.	Атом өнеркәсібі	Жаратылыстану ғылымдары: Физика, Ядролық физика, Химия. Техника ғылымдары және технологиялар: Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Машина жасау, Наноматериалдар және нанотехнологиялар (қолдану салалары бойынша), Аспап жасау, Жылу энергетикасы, Техникалық физика, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Электр энергетикасы.
4.	Биотехнология	Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Информатика, Медициналық-биологиялық іс, Химия. Білім беру: Биология, Химия. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Тамақ қауіпсіздігі, Қайта өңдеу өндірістері технологиясы (салалар бойынша), Тамақ өнімдері технологиясы, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Агрономия, Жеміс-көкөніс шаруашылығы, Топырақтану және агрохимия, Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина): Фармакология, фармацевтикалық химия.

5.	Геодезия. Геоинформациялық жүйелер. География және картография	Жаратылыстану ғылымдары: География, Гидрология, Информатика, Метеорология, Физика. Білім беру: География, Информатика, Физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Геодезия және картография, Математикалық және компьютерлік модельдеу, Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, Тау-кен ісі, Радиотехника, электроника және телекоммуникация. Қызметтер: Жерге орналастыру, Кадастр, Туризм.
6.	Геология. Тау-кен ісі. Тау-кен инжинирингі	Жаратылыстану ғылымдары: Механика. Техника ғылымдары және технологиялар: Геодезия және картография, Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, Тау-кен ісі, Металлургия, Мұнай-газ ісі, Пайдалы қазбаларды байыту, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалары бойынша), Жарылғыш заттардың және пиротехникалық құралдардың химиялық технологиясы, Мұнай мен газ ұңғымаларын бұрғылау, Инженерлік геология, Теңіздегі мұнай-газ құрылымдары, Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы, Мұнай және кен орындарын игеру, Мұнай және газ геологиясы.
7.	Ақпараттық технологиялар мен жүйелер. Ақпараттық қауіпсіздік. Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Жаратылыстану ғылымдары: Информатика, Математика. Білім беру: Информатика. Техника ғылымдары және технологиялар: Автоматтандыру және басқару, Басқару жүйелеріндегі автоматтандыру және ақпараттандыру, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Ақпараттық жүйелер, Математикалық және компьютерлік модельдеу, Аспап жасау, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Экономикадағы ақпараттық жүйелер, Технологиялық процестер мен өндірістерді автоматтандыру, Есептеу техникасы мен желілерін аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, Ақпаратты өндеудің компьютерлік жүйелері және басқару, Технологиялық процестер мен өндірістерді автоматтандыру, Есептеу машиналары, жүйелер және желілер, Ақпараттық-өлшеу техникасы және технологиясы. Өскери іс және қауіпсіздік: Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері.
8.	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	Білім беру: Физика, Химия. Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Механика, Физика, Химия, Ядролық физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Metallургия, Аспап жасау, Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру, Техникалық физика, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша), Қайта өндеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша), Материалдарды қысыммен өндеу технологиясы, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы.
9.	Машина жасау	Білім беру: Физика. Жаратылыстану ғылымдары: Механика, Физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Авиация техникасы және технологиялары, Автоматтандыру және басқару, Ғарыш техникасы және технологиялары, Машина жасау, Metallургия, Теңіз техникасы және технологиясы, Аспап жасау, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Техникалық физика, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша), Көлік, көліктік техника және технология, Жабдық және дәнекерлеу өндірісі технологиясы, Теңіздегі мұнай-газ құрылымдары.
	Металлургия	Білім беру: Физика, Химия. Жаратылыстану ғылымдары: Физика, Химия. Техника ғылымдары және технологиялар: Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, Тау-кен ісі, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Машина жасау, Metallургия, Техникалық физика, Технологиялық машиналар және жабдықтар (

10		салалар бойынша), Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша), Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, Металлургиялық машиналар мен жабдықтар.
11	Нанотехнологиялар және наноматериалдар	Білім беру: Физика, Химия. Жаратылыстану ғылымдары: Физика, Химия, Ядролық физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Техникалық физика, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Аспап жасау, Наноматериалдар және нанотехнологиялар (салалар бойынша).
12	Мұнай-газ ісі	Жаратылыстану ғылымдары: Химия. Техника ғылымдары және технологиялар: Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, Мұнай-газ ісі, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы.
13	Асқорыту қауіпсіздігі	Техникалық ғылымдар мен технологиялар: Биотехнология, Асқорыту қауіпсіздігі, Тамақ өнімдері технологиясы (салалар бойынша), Қайта өңдеу өндірістері технологиясы (салалар бойынша)
14	Радиотехника. Электроника. Телекоммуникация	Жаратылыстану ғылымдары: Информатика, Математика, Механика, Физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Автоматтандыру және басқару, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Ғарыштық техника және технологиялар, Ақпараттық жүйелер, Аспап жасау, Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар, Техникалық физика. Өнеркәсіптік электроника.
15	Стандарттау, сертификаттау және метрология	Жаратылыстану ғылымдары: Информатика, Математика, Химия. Білім беру: Информатика, Математика. Техника ғылымдары және технологиялар: Ақпараттық жүйелер, Математикалық және компьютерлік модельдеу, Аспап жасау, Стандарттау, метрология және сертификаттау.
16	Қайта өңдеу өндірісінің технологиясы	Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалары бойынша), Тамақ өнімдерінің технологиясы, Тамақ қауіпсіздігі, Технологиялық көліктер және жабдықтау (салалар бойынша). Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Химия. Білім беру: Биология, Химия. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, Аграрлық техника және технология, Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау.
17	Тамақ өнімдерінің технологиясы	Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Тамақ қауіпсіздігі, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Тамақ өнімдерінің технологиясы, Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша), Стандарттау, сертификаттау және метрология. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, Жеміс-көкөніс шаруашылығы.
18	Көлік, көліктік техника және технология	Техника ғылымдары және технологиялар: Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Машина жасау, Аспап жасау, Көлік, көліктік техника және технология. Қызметтер: Логистика (салалары бойынша), Көлік тасымалын, қозғалысын және оларды пайдалануды ұйымдастыру.
19	Энергетика	Жаратылыстану ғылымдары: Физика, Ядролық физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Өнеркәсіптік жылу энергетикасы, Жылу электр станциялары, Жылу энергетикасы, Техникалық физика, Электр энергетикасы, Ядролық реакторлар және энергетикалық қондырғылар, Электр энергетикалық жүйелер мен желілер.

		Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын өндірісін электрлендіру және автоматтандыру.
Жаратылыстану ғылымдары		
20	Биология	Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Химия, Экология. Білім беру: Биология, Химия, Физика. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Агрономия, Су ресурстары және суды пайдалану, Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, Зоотехния, Орман ресурстары және орман шаруашылығы, Жеміс-көкөніс шаруашылығы, Топырақтану және агрохимия, Аңшылықтану және аң шаруашылығы, Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау, Тамақ өнімдерінің технологиясы (қолданылу салалары бойынша).
21	Математика	Жаратылыстану ғылымдары: Информатика, Математика, Механика, Физика. Білім беру: Информатика, Математика, Физика. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Статистика. Техника ғылымдары және технологиялар: Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Ақпараттық жүйелер, Математикалық және компьютерлік модельдеу.
22	Физика. Астрономия	Жаратылыстану ғылымдары: Астрономия, Механика, Физика, Ядролық физика. Білім беру: Техника ғылымдары және технологиялар, Ғарыш техникасы және технологиялары, Техникалық физика, Геодезия, Тау-кен ісі, Металлургия, Аспап жасау, Электр энергетикасы, Жылу энергетикасы, Радиотехника, электроника және телекоммуникация.
23	Химия	Жаратылыстану ғылымдары: Химия. Білім беру: Химия. Техника ғылымдары және технологиялар: Фармацевтика өндірісінің технологиясы, Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша), Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, Мұнай және газ химиясы мен технологиясы, Пайдалы қазбаларды байыту. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина): Фармакология, фармацевтикалық химия. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Мелиорация, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және жерді қорғау, Топырақтану және агрохимия, Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, Жеміс-көкөніс шаруашылығы.
24	Экология. Метеорология. Қоршаған ортаны қорғау	Білім беру: Биология, География. Жаратылыстану ғылымдары: Биология, География, Гидрометеорология, Метеорология, Химия, Экология. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Су ресурстары және суды пайдалану, Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, Орман ресурстары және орман шаруашылығы, Мелиорация, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және жерді қорғау, Топырақтану және агрохимия. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау.
Ауыл шаруашылығы ғылымдары		
25	Агрономия. Агроинженерия	Жаратылыстану ғылымдары: Биология. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша), Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалар бойынша), Аспап жасау. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Агрономия, Аграрлық техника және технология, Мелиорация, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және жерді қорғау, Жеміс-көкөніс шаруашылығы, Топырақтану және агрохимия.

26	Ветеринария. Ветеринарлық медицина.	Ветеринария: Ветеринарлық медицина, Ветеринарлық санитария. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, Аңшылықтану және аң шаруашылығы.
27	Су ресурстары және суды пайдалану. Сумен жабдықтау	Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Гидрология, Метерология, Физика, Э к о л о г и я . Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Аграрлық техника және технологиялар, Су ресурстары және суды пайдалану, Мелиорация, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және жерді сақтау Техника ғылымдары және технологиялар: Теңіз техникасы мен технологиялар, Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау, Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша), Техникалық физика, Гидротехникалық құрылыс және ғимарат.
28	Орман шаруашылығы ісі және аң шаруашылығы	Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Экология. Білім беру: Биология. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Агрономия, Су ресурстары және суды пайдалану, Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині, Орман ресурстары және орман шаруашылығы, Мелиорация, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және жерді қорғау, Аңшылықтану және аң шаруашылығы, Топырақтану және агрохимия. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология.
29	Мелиорация, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және жерді қорғау	Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Химия. Білім беру: Биология, Химия. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Агрономия, Аграрлық техника және технология, Су қорлары және суды пайдалану, Топырақтану және агрохимия, Мелиорация, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және жерді қорғау, Орман ресурстары және орман шаруашылығы. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология.
30	Топырақтану және агрохимия	Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Химия. Білім беру: Биология, Химия. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Агрономия, Өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині, Мелиорация, топырақ құнарлығын қалпына келтіру және жерді қорғау, Топырақтану және агрохимия. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы.
31	Өсімдіктерді қорғау және карантині және жеміс-көкөніс шаруашылығы.	Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Химия. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Агрономия, Орман ресурстары және орман шаруашылығы, Топырақтану және агрохимия, Жеміс-көкөніс шаруашылығы, Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині.
32	Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау	Жаратылыстану ғылымдары: Биология. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Балық шаруашылығы және өнеркәсіптік балық аулау.
Әлеуметтік ғылымдар, экономика және басқару		
33	Арт-менеджмент. Өнертану	Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Экономика, Менеджмент, Маркетинг, Әлемдік экономика. Өнер: Арт-менеджмент, Актерлік өнер, Музыкатану, Дәстүрлі музыка өнері, Режиссура, Эстрада өнері, Өнертану, Дизайн, Вокал өнері, Сценография. Қызметтер: Әлеуметтік-мәдени сервис.
	Бухгалтерлік есеп және аудит. Қаржы	Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Экономика, Есеп және аудит, Қаржы, Қаржы және несие, Әлемдік экономика, Маркетинг, Халықаралық

34	Экономика. Маркетинг	экономика, Экономика, Экономист-менеджер. Техника ғылымдары: Математикалық және компьютерлік модельдеу. Менеджмент. Қызметтер: Бағалау.
35	Мемлекеттік саясат Саясаттану. Мемлекеттік басқару	Құқық: Халықаралық құқық, Құқық қорғау қызметі, Юриспруденция, Құқықтану.Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Мемлекеттік және жергілікті басқару, Мемлекеттік және муниципалды басқару, Журналистика, Менеджмент, Әлеуметтану, Саясаттану, Аймақтану, Елтану, Экономика, Әлемдік экономика, Қаржы, Халықаралық экономика, Халықаралық сауда, Қаржы және не с и е . Гуманитарлық ғылымдар: Философия, Халықаралық қатынастар, Тарих, Тарих және құқық, Дінтану, Шығыстану, Түркітану, Әскери аймақтану. Білім беру: Тарих, Құқық және экономика негіздері.
36	Журналистика және коммуникациялық менеджмент. Жұртшылықпен байланыс және жарнама	Білім беру: Тарих, Қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілі және әдебиеті, Шет тілі: екі шет тілі, Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті, Құқық және экономика негіздері, География. Гуманитарлық ғылымдар: Философия, Халықаралық қатынастар, Тарих, Мәдениеттану, Филология, Дінтану, Аударма ісі, Шығыстану, Шет филологиясы, Түркітану, Археология және этнология, Теология. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Әлеуметтану, Саясаттану, Журналистика, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Қоғаммен байланыс, Менеджмент, Маркетинг, Өңіртану, Әлемдік экономика, Экономика. Қызметтер: Туризм, Әлеуметтік жұмыс. Өнер: Арт-менеджмент, Баспа ісі.
37	Туризм саласындағы менеджмент	Гуманитарлық ғылымдар: Тарих, Мәдениеттану, Аударма ісі, Қазақ филологиясы. Жаратылыстану ғылымдары: География. Білім беру: География, Тарих. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Менеджмент, Өңіртану, Елтану, Қоғаммен байланыс. Қызметтер: Әлеуметтік-мәдени сервис, Мәдени-демалыс жұмыстары, Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі, Туризм, Маркетинг. Өнер: Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау.
38	Технологиялар менеджменті. Инновациялық менеджмент	Жаратылыстану ғылымдары: Физика, Химия. Білім беру: Информатика, Физика, Химия. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Экономика, Есеп және аудит, Қаржы, Әлемдік экономика, Маркетинг, Мемлекеттік және жергілікті басқару. Техника ғылымдары және технологиялар: Авиация техникасы және технологиялары, Биотехнология, Ақпараттық жүйелер, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Машина жасау, Аспап жасау, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Құрылыс, Көлік, көліктік техника және технология, Ағаш өңдеу және ағаш бұйымдарының технологиясы, Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялау, Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалау, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалары бойынша), Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (салалары бойынша), Тамақ өнімдерінің технологиясы, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы, Автоматтандыру және басқару, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Ақпараттық жүйелер, Аспап жасау, Өнеркәсіптік, азаматтық құрылыс және қалалық шаруашылық, Телекоммуникациялық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігі, Мұнай және газ геологиясы, Қала құрылысы және шаруашылық. Құрылымдарды жобалау және газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай қоймаларын пайдалану.

39	Операциялық менеджмент және логистика. Тасымалдауларды ұйымдастыру	Қызметтер: Көлік тасымалын, қозғалысын және оны пайдалануды ұйымдастыру, Жерге орналастыру, Кадастр, Бағалау, Логистика (салалары бойынша). Б і л і м б е р у : И н ф о р м а т и к а . Қ ұ қ ы қ : К е д е н і с і . Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Экономика, Есеп және аудит, Қаржы, Әлемдік экономика. Техника ғылымдары және технологиялар: Ақпараттық жүйелер, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Құрылыс, Көлік, көліктік техника және технология, Темір жол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру.
40	Педагогика және психология	Білім беру: Педагогика және психология, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі, Бастапқы әскери даярлық, Дефектология, Музыкалық білім, Сурет өнері және сызу, Дене шынықтыру және спорт, Математика, Физика, Информатика, Химия, Биология, Тарих, Құқық және экономика негіздері, География, Қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілі және әдебиеті, Шет тілі: екі шет тілі, Кәсіптік оқыту, Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, Шет филологиясы: ағылшын тілі. Гуманитарлық ғылымдар: Халықаралық қатынастар, Тарих, Филология, Дінтану, Аударма ісі, Шығыстану, Шет филологиясы, Теология, Түркітану. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Психология, Әлеуметтану, Саясаттану.
41	Психология	Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Психология, Педагогика және психология.
42	Әлеуметтану	Білім беру: Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі, Педагогика және психология, Бастапқы әскери дайындық, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, Дефектология. Гуманитарлық ғылымдар: Философия, Халықаралық қатынастар, Тарих, Мәдениеттану, Филология, Дінтану, Аударма ісі, Археология және этнология, Шығыстану, Шет филологиясы, Теология, Түркітану. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Социология, Саясаттану, Психология, Журналистика, Өңіртану, Мемлекеттік және жергілікті басқару. Қызметтер: Әлеуметтік жұмыс.
43	Спорт менеджменті . Дене шынықтыру және спорт	Білім беру: Дене шынықтыру және спорт, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі, Педагогика және психология. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Менеджмент, Дене шынықтыру және спорт.
44	Білім саласындағы басқару	Білім беру: Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, Тарих, Құқық және экономика негіздері, Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі, Педагогика және психология, Кәсіптік оқыту, Шет тілі: екі шет тілі, Қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілі және әдебиеті, Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті, Ұлттық мектепте орыс тілі және әдебиет. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Мемлекеттік және жергілікті басқару, Менеджмент, Психология, Экономика. Гуманитарлық ғылымдар: Шет филологиясы, Философия, Халықаралық қатынастар, Тарих, Мәдениеттану, Физика, Филология, Дінтану, Аударма ісі, Шығыстану, Шет филологиясы, Теология, Түркітану, Дүниежүзі тарихы, "Шет тілі" қосымша мамандығымен бірге мемлекеттік және муниципалдық басқару.
		Гуманитарлық ғылымдар: Менеджмент, Халықаралық қатынастар, Аударма ісі, Шет тілі: екі шет тілі. Білім беру: Құқық және экономика негіздері, Педагогика және психология, Менеджмент.

45	Адами ресурстарды басқару. Жобаларды басқару	Құқық: Халықаралық құқық, Құқықтану, Юриспруденция. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Мемлекеттік және жергілікті басқару, Маркетинг, Менеджмент, Саясаттану, Психология, Өңіртану, Социология, Экономика, Әлемдік экономика, Еңбекті ұйымдастыру және нормалау, Қаржы, Есеп және аудит. Қызметтер: Мәдени-демалыс жұмыстары, Әлеуметтік жұмыс.
Гуманитарлық ғылымдар		
46	Археология және этнология. Антропология	Гуманитарлық ғылымдар: Археология және этнология, Тарих, Мәдениеттану, Дінтану, Социология, Теология, Түркітану, Философия. Білім беру: Биология, Тарих.
47	Тарих	Білім беру: Тарих, Құқық және экономика негіздері, География, Кәсіптік оқыту, Педагогика және психология. Гуманитарлық ғылымдар: Философия, Халықаралық қатынастар, Тарих, Мәдениеттану, Филология, Дінтану, Аударма ісі, Археология және этнология, Шығыстану, Шет филологиясы, Теология, Түркітану. Құқық: Юриспруденция, Халықаралық құқық, Құқық қорғау қызметі, Кеден ісі. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Социология, Саясаттану, Журналистика, Өңіртану, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Мұрағаттану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету.
48	Халықаралық қатынастар	Гуманитарлық ғылымдар: Халықаралық қатынастар, Тарих, Мәдениеттану, Дінтану, Шығыстану, Аударма ісі, Теология, Түркітану. Білім беру: Шет тілі: екі шет тілі Құқық: Құқықтану, Юриспруденция, Халықаралық құқық. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Саясаттану, Өңіртану, Әлеуметтану, Әлемдік экономика, Қоғаммен байланыс, Елтану.
49	Аударма ісі	Білім беру: Қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілі және әдебиеті, Шет тілі: екі шет тілі. Гуманитарлық ғылымдар: Халықаралық қатынастар, Филология, Аударма ісі, Шет филологиясы, Шығыстану, Түркітану. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Журналистика.
50	Құқық	Білім беру: Құқық және экономика негіздері. Құқық: Халықаралық құқық, Құқық қорғау қызметі, Құқықтану, Кеден ісі, Юриспруденция. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Мемлекеттік және жергілікті басқару, Саясаттану.
51	Дінтану. Теология. Шығыстану	Білім беру: Тарих, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. Гуманитарлық ғылымдар: Философия, Халықаралық қатынастар, Тарих, Мәдениеттану, Филология, Дінтану, Аударма ісі, Археология және этнология, Шығыстану, Шет филологиясы, Теология, Түркітану. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Әлеуметтану, Саясаттану, Журналистика, Өңіртану, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Қоғаммен байланыс.
52	Филология. Лингвистика	Білім беру: Педагогика және психология, Қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілі және әдебиеті, Шет тілі: екі шет тілі, Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті, Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті. Гуманитарлық ғылымдар: Философия, Филология, Аударма ісі, Шет филологиясы. Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес: Журналистика.
Денсаулық сақтау және медициналық ғылымдар		
53	Акушерлік және гинекология	Клиникалық зертханалық диагностика: Вирусология. Медициналық-профилактикалық (санитарлық гигиена), медициналық-биологиялық және биологиялық бейіндер: Вирусология, Емдеу ісі, Жалпы медицина.
54	Аллергология және клиникалық иммунология	Балалар аллергиясы және иммунологиясы (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина, Педиатрия, Терапия, Жалпы дәрігерлік практика.

55	Анестезиология, реаниматология және интенсивті терапия	Денсаулық сақтау менеджменті, Қоғамдық денсаулық сақтау, Мейірбике ісі, Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет (статистика, әдіснама), Жалпы гигиена, Емдеу ісі, Жалпы медицина, Медициналық-профилактикалық ісі.
56	Ангиология	Жалпы медицина, Емдеу ісі, Мейірбике іс.
57	Вирусология	Клиникалық зертханалық диагностика: Вирусология. Медициналық-профилактикалық (санитарлық-гигиена), медициналық-биологиялық және биологиялық бейін: Вирусология, Жалпы медицина, Фармация, Токсикология, Химия, Медициналық-профилактикалық іс.
58	Ішкі аурулар	Жалпы медицина, Емдеу ісі.
59	Жалпы тәжірибелік дәрігер	Емдеу ісі, Жалпы медицина, Педиатрия, Терапия, Жалпы дәрігерлік тәжірибе.
60	Кардиология	Емдеу ісі, Жалпы медицина.
61	Сәулелік диагностика	Сәулелік диагностика (рентгенология, радиология, компьютерлік және магнитті-резонанстық томография және рентгенохирургия , эндоскопия), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
62	Неврология	Неврология (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
63	Шұғыл медициналық көмек	Емдеу ісі, Жалпы медицина, Педиатрия, Терапия, Жалпы дәрігерлік практика.
64	Нефрология	Нефрология (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
65	Қоғамдық денсаулықты сақтау	Денсаулық сақтау менеджменті, Қоғамдық денсаулықты сақтау, Мейірбике ісі, Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру, оның ішінде санитарлық- эпидемиологиялық қызмет (статистика, әдістеме), Жалпы гигиена, Емдеу ісі, Жалпы медицина. Медициналық-профилактикалық іс
66	Офтальмология	Офтальмология (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
67	Педиатрия. Неонатология	Педиатрия. Неонатология (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
68	Реабилитология	Емдеу ісі, Жалпы медицина.
69	Мейірбике ісі	Жалпы медицина, Мейірбике ісі, Фармация, Токсикология, Химия, Қоғамдық денсаулық сақтау.
70	Спорттық медицина	Жалпы медицина, Спорттық медицина, Травматология-ортопедия, Медициналық реабилитология, Қалпына келтіру емі (физиотерапия, емдік дене шынықтыру), Токсикология, Гигиена және токсикология, Тамақтану гигиенасы, Диетология.
71	Стоматология	Емдеу ісі, Стоматология.
72	Трансплантология	Емдеу ісі.
73	Фармакология, фармацевтикалық химия	Жалпы медицина, Фармация, Токсикология, Химия, Емдеу ісі, Биотехнология.

74 .	Фтизиатрия	Емдеу ісі, Жалпы медицина.
75 .	Хирургия	Емдеу ісі, Жалпы медицина.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК